

"Қазақстан Республикасы аумағында шетелдіктердің қатысуымен әуесқойлық (спорттық) балық аулауды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2005 жылғы 7 желтоқсандағы № 272 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 593 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабының 4) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы аумағында шетелдіктердің қатысуымен әуесқойлық (спорттық) балық аулауды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2005 жылғы 7 желтоқсандағы № 272 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 3982 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2006 жылғы ақпан, № 2 2 0 3 - қ ұ ж а т) .

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетіне осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр **А. Күрішбаев**